# Орман және аңшылық шаруашылығы саласындағы маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстар мен қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 желтоқсандағы N 1313 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар ормандарды ұдайы молайту және өрттен қорғау, орман қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, орман өсімдіктерінің тектік қорын сақтау, киіктерді қорғау және олардың санын есепке алу үшін 2004 жылы сатып алынуының маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстар мен қызметтер көрсетуді жеткізушілер болып айқындалсын.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 желтоқсандағы N 1313 қаулысына қосымша

## Ормандарды ұдайы молайту және оларды өрттен қорғау, орман қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, орман өсімдіктерінің тектік қорын сақтау, киіктерді қорғау және олардың санын есепке алу үшін 2004 жылы сатып алынуының маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстар мен қызметтер көрсетуді жеткізушілердің тізбесі

| р/с N | Жұмыстар мен қызметтер көрсетуді жеткізушінің атау | Жұмыстар мен қызметтер көрсетуді жеткізушінің | Жұмыстар мен қызметтер көрсетудің атауы |
| --- | --- | --- | --- |

орналасқан жері

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Казавиаорманқорғау" РМҚК | Алматы қаласы | Авиациямен орман қорғау |
| 2. | ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Жасыл аймақ" РМҚ | Астана қаласы | Астана қаласының санитарлық қорғау жасыл аймағын құру |
| 3. | ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Қазорманжоба" РМҚК | Алматы қаласы | Орман орналастыру жұмыстары |
| 4. | ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Алматы орман селекциялық орталығы" РМҚК | Алматы қаласы | Тұрақты ағаш тұқымы базасын қалыптастыру |
| | "Көкшетау орман селекциялық орталығы" РМҚК | Щучинск қаласы | |
| 5. | ҚР АМШ Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Аңжануарөнеркәсіп ӨБ" РМҚК | Алматы қаласы | Киіктерді қорғау және олардың санын есепке алу |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК